



## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 602 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 17 шілдедегі  
№ 602 қаулысына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 сәуірдегі № 482 қаулысы.

3. "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы № 591 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 11-тармағы.

4. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 тамыздағы № 1029 қаулысының 3-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 тамыздағы № 1041 қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қазандағы № 1298 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 1565 қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 желтоқсандағы № 1575 қаулысы.

9. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы.

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 сәуірдегі № 452 қаулысы.

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 маусымдағы № 699 қаулысы.

12. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі № 1062 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы.

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы № 882 және 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы № 1405 қаулысы.

14. "Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы.

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 маусымдағы № 630 қаулысы.

16. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 наурыздағы № 344 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы № 215 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы.

17. "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" және "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамдарының кейбір мәселелері

туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 мамырдағы № 362 қаулысының 2-тармағының 1) тармақшасы.

18. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 ақпандағы № 133 қаулысы.

19. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 395 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.

20. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 691 қаулысы.

21. "Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулардың 3-тармағы.

22. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы № 41 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 тамыздағы № 776 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы.

23. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы № 290 және 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қазандағы № 915 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.

24. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 қарашадағы № 1048 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

25. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер құру туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 қарашадағы №1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК